

"БЕКІТЕМІН"



Коркыт Ата атындағы Қызылора  
университетінің Басқарма төрағасы-  
ректоры, ф.ғ.к.

Б.С.Каримова

X// 20 ж.

**Мамандандырылған аккредиттеу шеңберінде сыртқы бағалау (аудит) бойынша БСҚДҚА сараптама тобының ескертулерін жою және ұсынымдарын орындау жөніндегі түзету іс-шараларының жоспары**

**6B01202 (5B010100) - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу БББ**

№	Анықталған сәйкессіздіктер (ескертулер), ұсынымдар	Түзету іс-шаралары (ТШ)	Орындау мерзімі	ТШ орындауға жауапты	Орындалуы туралы белгі (күні, ТШ үшін жауапты адамның қолы)	Ескертпелер
1	2	3	4	5	6	7
<b>Стандарт 1.</b>						
1	Ескертулер: -ПОҚ-ның оқытушылық, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу қызметі мен ББ сапасын қамтамасыз ету саясатында оқыту арасындағы байланыс нашар көрінеді;	Кафедрада әртүрлі ғылыми тақырыптар бойынша дөңгелек үстелдер, семинарлар, қашықтықтан оқу форматына байланысты онлайн конференциялар өткізіледі. Кафедра ПОҚ ғылыми конференцияларға, семинарларға белсене қатысады. Кафедра оқытушыларының ғылыми жұмыстары ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, импакт-факторы бар рейтингтік басылымдарда (СКОПУС) жарияланған, бірқатар ғылыми жарияланымдар мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеудің өзекті тақырыптарына арналған. Оқу-әдістемелік семинардың шешімімен жаңа элективті пәндер тізімі ұсынылып, Гуманитарлық - педагогикалық институттың академиялық кеңесімен және Қызылорда облысының «Өрлеу» оқу орталығымен	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

		(әдістемелік кабинетімен) келісілді, университеттің оқу жұмысы жөніндегі бірінші проректорымен бекітілген. Білім алушы үшін Жеке білім беру траекториясы белгілі бір қызмет саласын, еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып бірқатар пәндер енгізілді: Атап айтқанда, Мектепке дейінгі мекемеде көркем әдебиет үлгілерін оқыту әдістемесі, Мектепалды даярлық топтарында әліппені үйрету әдістемесі, Мектепке дейінгі мекемедегі шығармашылықпен жұмыс (апликация, мүсіндеу, сурет салу) әдістемесі т.б.				
2	- ББ-ны іске асырудың материалдық-техникалық базасы, әсіресе оқытудың техникалық құралдары, психодиагностиканың компьютерлендірілген әдістемелері, электрондық тақталармен және медиаресурстармен жұмыс істеу тұлғасынан ерекше назар аударуды және жетілдіруді талап етеді.	6B01202 (5B010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының білім алушылары университеттің №7 оқу ғимаратының екінші қабатында білім алады. Мамандыққа қатысты 12 дәрісхана бар. 218- Математиканы оқыту әдістемесі дәрісханасы, 211-Жаратылыстану негіздері зертханасы соңғы үлгідегі ақпараттық коммуникативтік технологиямен (интерактивті тақта, видеопроектор, компьютер) жабдықталған. Зертханада Жас ерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена, Қазіргі заманғы қазақ тілінің негіздері, Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі, Жаратылыстану негіздері пәндерінен кафедра оқытушылары жасаған электронды оқулықтар, электрондық білім беру ресурстарының әлеуеті оқу үдерісінде тиімді пайдаланылуда. Білім алушылар барлық пәндер бойынша заманауи материалдық-техникалық құрылғыларды ғылыми жұмыстар мен өзіндік дайындалған сабақтар үшін қолданады.	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
3	-студенттер ғылыми-	Білім беру бағдарламасы мазмұнына студенттердің	әрдайым	Кафедра		

	<p>зерттеу қызметіне нашар тартылған, оның тиімділік критерийлерімен, зерттеу жұмысының, жобалық қызметтің прогрессивті әдістерімен таныс емес.</p>	<p>ғылыми-зерттеу жұмыстарын, мамандық бойынша сандық және сапалық зерттеу әдістерін жетілдіру мақсатында 2020-2021 оқу жылында бітіруші курс студенттеріне дипломдық жұмыс жазу және қорғау қарастырылды. 2020 жылдың 10 маусымдағы университет ректорының №170-а бұйрығымен бекітілген «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу ережесі» негізінде 2020-2021 оқу жылына 6B01302 (5B010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші курс білім алушыларының дипломдық жұмыстардың тақырыптары мен жетекшілері бекітілді. БББ құрылымы студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарына және халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуға мүмкіндік береді. СҒЗЖ жұмыс жоспарына сәйкес студенттік жұмыстардың тақырыбы жаңартылды. Мамандықтың білім алушыларының 80%-ы жыл сайын болып отыратын университетішілік студенттер конференциясына қатысып отырады. Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу бағыты бойынша біздің мамандықтың 3-ші курс студенттері 2019 жылы Өскемен қаласында өткен X Республикалық пәндік олимпиадада ғылыми-зерттеушілік, әдістемелік дайындықтарының нәтижесінде Бас жүлдені иемденді. (Қосымша №1)</p>		<p>меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі</p>		
<b>Стандарт 2.</b>						
1	<p><b>Ескертулер:</b> -жұмыс бағдарлама құрылымы мен мазмұны типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогына сәйкес келеді, бірақ элективті пәндер</p>	<p>Жұмыс бағдарламасының құрылымы мен мазмұны типтік оқу жоспарына және элективті пәндер каталогына ,сонымен қатар таңдау пәндерінің жиынтығы <b>6B01202 (5B010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу</b> бағыты бойынша түлекте білім беру бағдарламасын меңгеру нәтижесінде қалыптасатын құзыреттіліктерге лайықталып қайта жасалынды. 2018-2019 оқу жылдарында жоғарыдағы ескертпелерді жою мақсатында Білім беру бағдарламасына төмендегі пәндер енгізілді:</p>	<p>әрдайым</p>	<p>Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі</p>		

	жиынтығында мамандық бойынша студенттердің білім траекториясынан ауытқулар бар, ең алдымен олардың қолданбалы орындылығы тұрғысынан;	<p>1. Мектепке дейінгі мекемедегі инновациялық технологиялар</p> <p>2. Мектеп жасына дейінгі балаларда драмалық дағдыларды қалыптастыру әдістемесі</p> <p>3. Мектепке дейінгі мекеме әдіскерінің оқу-әдістемелік жұмысы</p> <p>4. Мектепке дейінгі мекемеде шетел тілін оқыту теориясы мен әдістемесі</p> <p>5. Мектепке дейінгі мекемедегі шығармашылықпен жұмыс (апликация, мүсіндеу, сурет салу) әдістемесі</p> <p>6. Мектепке дейінгі мекемеде орыс тілін оқыту әдістемесі (Қосымша № 2)</p>				
2	БББ мазмұнында студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы, мамандық бойынша зерттеудің сандық және сапалық әдістерін пайдалану жеткілікті көрсетілмеген;	<p>Білім беру бағдарламасы мазмұнына студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын, мамандық бойынша сандық және сапалық зерттеу әдістерін жетілдіру мақсатында 2020-2021 оқу жылында бітіруші курс студенттеріне дипломдық жұмыс жазу және қорғау қарастырылды. 2020 жылдың 10 маусымдағы университет ректорының №170-а бұйрығымен бекітілген «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушыларының үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізу ережесі» негізінде 2020-2021 оқу жылына <b>БВ01202 (5В010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу</b> білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші курс білім алушыларының дипломдық жұмыстардың тақырыптары мен жетекшілері бекітілді. БББ құрылымы студенттерге ғылыми-зерттеу жұмыстарына және халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша білім алуға мүмкіндік береді. СҒЗЖ жұмыс жоспарына сәйкес студенттік жұмыстардың тақырыбы жаңартылады және белгілі бір динамикаға ие. Мамандықтың білім алушыларының 80%-ы жыл сайын болып отыратын университетішілік студенттер конференциясына қатысып отырады.</p> <p>Сонымен қатар, білім беру бағыты бойынша 2019 жылы өткен Республикалық ғылыми жобалар байқауында ДО-16-1 оқу тобының студенті Ерболат Айдана жүлделі ІІ орынды</p>	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

		иеленді"(Қосымша № 3)				
3	пәндердің оқу-әдістемелік карталарын ЖОО-ның кітапхана қоры әрдайым қамтамасыз ете бермейді, студенттерге ұсынылатын әдебиеттер негізінен орыс тілінде, ал студенттердің едәуір бөлігі оны меңгермеген;	<p>Кітапханада "КАБИС" қазақстандық автоматтандырылған кітапханалық-ақпараттық жүйесі бойынша электрондық каталогты құру және пайдалану, Электрондық қызмет көрсетуді ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ электрондық кітапханада 35 компьютерден тұратын жергілікті кітапханалық компьютерлік желі жұмыс істейді.Электрондық каталог қажетті әдебиеттерді іздеуге мүмкіндік береді және жеке мемлекеттік тілде оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдардың электрондық нұсқаларына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.Пәндердің оқу-әдістемелік карталарын кітапхана қорымен әрдайым қамтамасыз ету мақсатында студенттерге Республикалық ЖОО аралық электронды кітапхана (РМЭБ) қорына қолжетімділікке жағдай жасалынған. Университеттің ғылыми-техникалық кітапханасы қазақ тілінде жазылған оқу-әдістемелік кітапхана қорымен толықтырылды.</p> <p>Қазақстанның ЖОО Ассоциациясының президенті Р.Алшановтың басшылығымен ҚР БЖҒ министрлігіне қазақ тіліндегі оқулықтар мен ғылыми әдебиеттерді жаңартып қайта шығаруға , жетіспейтін кітапхана қорын қазақ тіліне аударуға , жылы ескірген кітаптарды сканерлеу арқылы қайта баспадан шығаруға ұсыныс жіберілді.</p>	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
4	БББ іске асырудың материалдық-техникалық базасы оқытудың ақпараттық-коммуникативтік технологияларының, электрондық білім беру ресурстарының әлеуетін толық	6В01202 (5В010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының білім алушылары университеттің №7 оқу ғимаратының екінші қабатында білім алады. Мамандыққа қатысты 12 дәрісхана бар. 218- Математиканы оқыту әдістемесі дәрісханасы , 211-Жаратылстану негіздері зертханасы соңғы үлгідегі ақпараттық коммуникативтік технологиямен (интерактивті тақта , видеопроектор, компьютер) жабдықталған. Зертханада Жас ерекшелік физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена, Қазіргі заманғы қазақ тілінің негіздері,Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру әдістемесі, Жаратылстану негіздері пәндерінен кафедра	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

	көлемде пайдалануға мүмкіндік бермейді	оқытушылары жасаған электронды оқулықтар, электрондық білім беру ресурстарының әлеуеті оқу үдерісінде тиімді пайдаланылуда.				
5	БББ оқу-әдістемелік қамтамасыз ету студенттердің тілдік дайындығының ерекшеліктерін ескермейді, қазақ тіліндегі оқу-әдістемелік әзірлемелер, диагностикалық әдістемелер жеткіліксіз;	Университетте Оқу процесінде студенттердің мемлекеттік тілде өздігінен білім алуы мен кәсіби өсуі үшін қажетті жағдайлар жасалған: оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттер қоры, мерзімді басылымдар, оқу залдары бар ғылыми кітапхана; - Электронды кітапхана және отандық және шетелдік толық мәтінді жазылым базалары; - кітапхана ресурстарына тегін Интернет арқылы еркін қол жеткізу; - пәндердің оқу әдістемелік кешендерінің электрондық базасы; - білім алушылардың оқу материалдарына, Internet, WiFi желілеріне еркін қол жеткізуі.	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
6	кейс-стади, диалогтық оқыту және жобалап оқыту технологиясы нашар пайдаланылады.	Оқытушыны мен студенттің - креативті ойлауын дамытып, сабақтың мазмұнын ерекше құруға, шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасау мақсатында <b>Кейс стади әдісі</b> Этнопедагогика, Инклюзивті білім беру, Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы, Мектепке дейінгі мекемедегі инновациялық технологиялар және әдістемелік пәндерде тиімді пайдаланып жүр. <b>Жобалап оқыту технологиясының</b> негізгі тірегі – өз бетімен белсенді істер атқаратын студенттің өзіндік ізденісіне, ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуіне, танымдық-практикалық қабілеттерін жүзеге асыруына қажетті мүмкіндіктер туғызатындықтан, кәсіптендіру цикліне енетін барлық пәндерде қамтылған. Кейс стади, жобалап оқыту технологиясы әдісімен өткізілген ашық сабақтар хаттамасы кафедра құжаттарында тіркеулі	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
7	<b>Жетілдіру бағыттары:</b> Студенттердің әлеуметтік-	Жұмыс берушінің талабын ескере отырып, білім алушының жұмыс оқу бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Әлеуметтік сұранысқа орай 6B01202 (5B010100)-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу Блім беру	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру		

	педагогикалық практика сұраныстарын ескере отырып, олардың жұмыс бағдарламасы құрылымы мен мазмұнын түзету;	бағдарламасына Білім берудегі бағалаудың өлшемдік технологиялары, Инклюзивті білім беру, Мектепке дейінгі мекемеде орыс тілін оқыту әдістемесі, Конструктивті оқыту әдістемесі, Мектепке дейінгі мекемеде шетел тілін оқыту теориясы мен әдістемесі пәндері енгізілді.		бағдарламаларын басқару бөлімі		
8	Мектепке дейінгі беру саласында мектепке дейінгі балаларды әлеуметтік-психологиялық және ғылыми-педагогикалық жұмыстарының блогын түзету;	Мектепке дейінгі балаларды әлеуметтік-психологиялық қолдау мақсатында Мектепке дейінгі балалардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы, Психология, Мектеп жасына дейінгі балалар психологиясы, Педиатрия негіздері, Дефектология және логопедия негіздері пәндері БББ-ға енгізілді.	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
9	Мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі сабақтардың үйлесімінде БББ дамыту есебінен студенттердің көптілді тұлғасын қалыптастыру үшін жағдай жасау;	Көптілділік саясатын жүзеге асыру мақсатында мамандық бойынша базалық пәндер қазақ және орыс тілдерінде оқытылуда. Студенттер университет тарапынан тегін ұйымдастырылатын ағылшын тілі курстарына қатысып, қорытынды емтихан тапсыру арқылы сертификат алады. Көптілділік бағдарламасын жүзеге асыру үшін 2016-2017 оқу жылынан бастап әр жыл сайын студенттерді ағылшын тіліне оқыту келесі деңгейлер бойынша жүргізіледі: "Beginner №2", "Beginner №3", "Beginner №4", "Elementary №6", "Elementary №7", "Pre-intermediate №1".	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
10	Білім беру үдерісінде Интернет-технологияларды, медиа-ресурстарды, проблемалық және дамытушылық оқыту технологияларын	Білім беру үдерісінде ақпараттық - коммуникативтік технологиялар, Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиялары, проблемалық және жобалап оқыту технологиялары үйлесімді және тиімді пайдаланылуда.	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

	кеңінен пайдалану;					
<b>Стандарт 3.</b>						
1	<b>Ескертулер:</b> Студенттердің элективті пәндерді, оқытушыны таңдауы студенттердің таңдаған білім траекториясына (ЖОЖ) қарағанда, ПОҚ, кафедра, ЖОО мүддесінде формальды түрде жүргізіледі);	<p>Элективті курстар 6В01202 (5В010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша элективті пәндер каталогына (ЭПК) енгізілді. Элективті пәндер каталогы 6В01302 (5В010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының үлгілік оқу жоспары негізінде базалық және бейіндік пәндерді таңдау компонентін ескере отырып әзірленді және жыл сайын жаңартылып отырады. Оқу-әдістемелік семинардың шешімімен жаңа элективті пәндер тізімі ұсынылып, Гуманитарлық - педагогикалық институттың академиялық кеңесімен және Қызылорда облысының «Өрлеу» оқу орталығымен (әдістемелік кабинетімен) келісілді, университеттің оқу жұмысы жөніндегі бірінші проректорымен бекітілген. Білім алушы үшін Жеке білім беру траекториясы белгілі бір қызмет саласын, еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып төмендегідей пәндер енгізілді :</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1.Мектепке дейінгі білі беру мекемелерінде шетел тілін оқыту әдістемесі Мектепке дейінгі білі беру мекемелерінде орыс тілін оқытудың теориясы мен әдістемесі</li> <li>2.Дефектология негіздері және логопедия</li> <li>3.Педиатрия негіздері</li> <li>4.Логикалық есептер шығару әдістемесі</li> <li>5.Монтессори педагогикасы</li> <li>6.Мектепке дейінгі мекемеде көркем әдебиет үлгілерін оқыту әдістемесі</li> <li>7.Мектепалды даярлық топтарында әліппені үйрету әдістемесі</li> <li>8.Мектепке дейінгі мекемедегі шығармашылықпен жұмыс (апликация, мүсіндеу, сурет салу) әдістемесі</li> </ol>	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
2	Студенттермен жүргізілген сұхбат нәтижесі	6В01202 (5В010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша «Педагогика және оқыту әдістемесі» кафедрасында А.Әбуова «Жас маман», А.Сералиев	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім		



	студенттердің психологиялық - педагогикалық үйірмелердің немесе мамандық бойынша ғылыми бірлестіктің жұмысы туралы хабардар еместігін анықтады;	«Сырлы саз», С.Ыдырысов «Шешендік өнер», п.ғ.к.,аға оқытушы Ж.Т.Баймағанбетова «Жас ғалым» деп аталатын үйірмелерге жетекшілік жасайды. Үйірмелердің жоспары, мақсаты, кетесі, хаттамасы, студенттер тізімі, есебі кафедрада бар. Студенттер психологиялық көмек беретін, университет жанынан «Педагогика және психология» кафедрасының басшылығымен ашылған «Экспрессия» үйірмесіне қатысады. Барлық үйірмелер студенттерге таңдаған мамандықтары бойынша алған білімдерін шыңдау мақсатын көздейді.		беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
3	Платонус электрондық жүйесінде студенттерге өз бетінше жұмыс істеу үшін қажетті барлық оқу-әдістемелік материалдар (силлабустар, әдістемелік ұсынымдар және т. б.) жүктелмеген.);	6B01202 (5B010100) ) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің үлгерімі туралы ақпаратты, пәндердің желілік электрондық оқу-әдістемелік кешендерін, оқу жұмыс жоспарларын жедел алу үшін дереккөз ретінде "Platonus" ( <a href="http://www.platonus.korkyt.kz">www.platonus.korkyt.kz</a> ), және <a href="http://www.e-univer.korkyt.kz">www.e-univer.korkyt.kz</a> . білім беру порталын белсенді қолданады. "Platonus" білім беру порталына мамандық бойынша барлық пәндердің силлабусы мен оқу-әдістемелік кешендері Гуманитарлық-педагогикалық институттың директоры және Академиялық кеңес төрағасымен бекітіліп (әр оқу жылының басында,хаттама номері, мерзімі кафедраның жылдық жоспарында көрсетілген), сканерленген түрде электрондық жүйеге енгізілген. 2020 жылдың 16 наурызынан бастап елімізде жарияланған төтенше жағдайға байланысты оқу процесі толығымен қашықтықтан оқыту технологиясына көшті. Осыған байланысты «Қазіргі заманғы қазақ тілінің негіздері», «Экология негіздері», «Жас ерекеліктер физиологиясы және мектепке дейінгі гигиена», «Мектепке дейінгі инклюзивті білім беру», «Жас ерекшелік психологиясы», «Жазуға үйрету әдістемесі», т.б. пәндер қашықтықтан оқытылады. 2020 жылдың тамызынан желтоқсанына дейін 15 бейне дәрістер түсіріліп, монтаждалды, олар университет серверіне	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

		орналастырылды.					
4	Студенттердің көпшілігінің кәсіби әлеуметтенуі ЖОО қабырғасында теориялық білімді игеру есебінен өтеді, аудиториядан тыс жұмыс, еріктілер қозғалысының мүмкіндіктері пайдаланылмайды.	6B01202 (5B010100) ) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша өндіріспен , жұмыс берушімен байланысты нығайту мақсатында 2019-2020 оқу жылдары Қызылорда қаласындағы «Алтын ұя» мемлекеттік бөбекжай балабақшасынан, мемлекеттік емес «Ақлияс» балабақшаларынан кафедра филиалдары ашылды. Білім алушылар оқу-жұмыс жоспары бойынша үздіксіз педагогикалық , өндірістік , психологиялық- педагогикалық практикаларды , ғылыми зерттеу жұмыстарының тәжірибе бөлімдерін осы мекемелердің базасында өткізеді. Сонымен қатар 2019-2020 оқу жылында ДО-18-1 оқу тобының студенттері үздіксіз педагогикалық практика уақытында Қызылорда қаласындағы қаласындағы «Ұмай» Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйінен іс-тәжірибеден өтті. іс тәжірибеден өтті. Нәтижесінде бұл мекемеде кафедра филиалы ашылып, студенттер мекеме тәрбиеленушілеріне волонтерлық қызмет көрсету жөнінде келісімшартқа отырды.	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі			
5	<b>Жетілдіру бағыттары:</b> Студенттерді кәсіби әлеуметтендіруге, ғылыми-зерттеу жұмысына, Студенттік өзін-өзі басқаруға кеңінен тарту арқылы ЖОО-ның тәрбиелік-білім беру ортасын дамыту;	Университеттің тәрбие бөлімінің басшылығымен әр оқу жылының басында мамандық білім алушыларының әр курс бойынша тәрбие жоспары бекітіледі. Жоспарда студенттерді әлеуметтік ортаға бейімдеу бағыты, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізу мен жетекшілік жасауға байланысты ,өзін өзі басқару жүйесіне байланысты жүргізілетін іс шаралар қарастырылған.	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі			
6	Студенттердің жұмыс оқу	Әр пән бойынша жүргізілетін БАОӨЖ сабақтарының негізгі мақсаты білім алушыны пән бойынша ғылыми-ізденімпаздық	әрдайым	Кафедра меңгерушісі			

	бағдарламасына ғылыми-ізденімпаздық және зерттеу сипатындағы шығармашылық тапсырмаларды, оның ішінде міндетті түрде СОӨЖ шеңберінде СҒЗЖ жандандыру;	және зерттеу сипатындағы шығармашылық тапсырмаларды орындауға бейімдеу. Бұл жұмыстардың жоспары әр пән бойынша жасалынған силлабус пен пәннің ОӘК жоспары мен әдістемелік нұсқаулығында көрсетілген.		сі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
7	Платонус электрондық жүйесінде бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуін жаңарту;	"Platonus" білім беру порталына мамандық бойынша барлық пәндердің силлабусы мен оқу-әдістемелік кешендері әр оқу жылында жаңартылып, Гуманитарлық-педагогикалық институттың директоры және Академиялық кеңес төрағасымен бекітіліп (әр оқу жылының басында, хаттама номері, мерзімі кафедраның жылдық жоспарында көрсетілген), сканерленген түрде электрондық жүйеге енгізіледі.	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
8	СҒЗЖ, педагогикалық отрядтар, өңірдің әлеуметтік сала мекемелерімен әлеуметтік әріптестік, волонтерлік бағдарлама арқылы бакалаврларды кәсіби әлеуметтендірудің кешенді траекториясын әзірлеу туралы	6B01202 (5B010100) ) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша өндіріспен, жұмыс берушімен байланысты нығайту мақсатында 2019-2020 оқу жылдары Қызылорда қаласындағы «Алтын ұя» мемлекеттік бөбекжай балабақшасынан, мемлекеттік емес «Ақлияс» балабақшаларынан кафедра филиалдары ашылды. 2019-2020 оқу жылында ДО-18-1 оқу тобының студенттері үздіксіз педагогикалық практика уақытында Қызылорда қаласындағы «Ұмай» Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сауықтыру және тәрбиелеу қайырымдылық үйінен іс-тәжірибеден өтті. Нәтижесінде бұл мекемеде кафедра филиалы ашылып, студенттер мекеме тәрбиеленушілеріне волонтерлық қызмет көрсету жөнінде келісімшартқа отырды.	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

	мәселені қарастыру.					
<b>Стандарт 4.</b>						
1	<p><b>Жетілдіру бағыттары:</b> -Жұмыс берушілермен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, жұмыс берушілер үшін қажетті кәсіби және жеке құзыреттерді игерудің нәтижелерін нақты көрсету қажет түлек құзыреттілігінің моделін әзірлеу;</p>	<p>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің стратегиялық жоспарын нәтижелі орындау мақсатында кәсіби бағдар беру жұмысына арналған «Рекрутинг орталығы» ашылды. Рекрутинг орталығының мақсаты - бітіруші түлектер арасында кәсіби бағдар беру, сонымен қатар екінші жоғары білім алу мен жоғары оқудан кейінгі білім алу бойынша жұмыстарын үнемі жүргізіп тұру, білім алушылардың контингентін арттыру. Жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшін, кафедра түлектерін, жұмыс мүмкіндіктері мен кәсіби тағылымдамалар туралы ақпараттандыру мақсатында, университеттегі "Рекрутинг орталығы" ұйымдастыратын түрлі іс-шараларға жұмыс берушілердің қатысуын қамтамасыз етіп отыр.</p> <p>Университетте аралық және қорытынды бақылауды, сондай-ақ қашықтықтан оқыту технологиясын қолдана отырып студенттерді қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі нұсқаулық әзірленді және бекітілді. Оқу сабақтарын сапалы өткізу үшін Platonus ақпараттық жүйесінде «Тапсырмалар» және «Онлайн-прокторинг жүйесі» лицензияланған модулі сатып алынды. Университет жыл сайын университет түлектерінің еңбек нарығының талаптарына сәйкестігі туралы сауалнама, жұмыс берушілерге сауалнама жүргізеді.</p> <p>2018 жылдың қазан айында сапа менеджменті және ақпараттық – талдау жұмысы бөлімінің қызметкерлері жұмыс берушілер арасында университет түлектерінің дайындық деңгейін бағалау бойынша сауалнама жүргізді. Сауалнамаға қаланың түрлі ұйымдары мен кәсіпорындарының 151 басшысы қатысты. Сауалнама нәтижелері бойынша қанағаттанушылық 91% - ды құрайды.</p>	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

		<p>Еңбек нарығында мамандардың қажеттілігі түлектердің жұмысқа орналасуынан көрініс табады, ол 2018 жылдан бастап 2020 жылға дейін 86% - дан 93% - ға дейін өсті (ҚР "Білім туралы" Заңының 47-бабының 17-2-тармағы, босатылған адамдардың санаты ескерілген). Бұл университеттегі білім беру сапасының деңгейі және түлектерде қажетті білім, білік, дағдылардың қалыптасқандық деңгейінің көрсеткіші болып табылады.</p> <p>6B01302 (5B010100) ) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша өндіріспен, жұмыс берушімен байланысты нығайту мақсатында 2019-2020 оқу жылдары Қызылорда қаласындағы «Алтын ұя» мемлекеттік бөбекжай балабақшасынан, мемлекеттік емес «Ақлияс» балабақшаларынан кафедра филиалдары ашылды. Білім алушылар оқу-жұмыс жоспары бойынша үздіксіз педагогикалық, өндірістік, психологиялық- педагогикалық практикаларды, ғылыми зерттеу жұмыстарының тәжірибе бөлімдерін осы мекемелердің базасында өткізеді.</p>				
2	<p>Магистратура мен докторантурада білім алуды жалғастыруға тарту мақсатында түлектермен байланысты үзбеу және оларды постдипломдық сүйемелдеу жөніндегі жұмыстарды</p>	<p>6B01302 (5B010100) ) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша магистратура мен докторантураға оқуға тарту мақсатында мамандығы бітіруші түлектер мен білім алушыларды тарта отырып, өндірісте ақпараттық жұмыстарды жүргізу ұсынылады.</p>				

	жетілдіру;					
<b>Стандарт 5</b>						
1	<b>Ескертулер:</b> - ПОҚ "білім туралы" ҚР Заңына сәйкес біліктілік және нормативтік талаптарға сәйкес келеді, алайда оның сапалық параметрлері жетілдіруді талап етеді, магистрант оқытушыларының үлесі ғылым кандидаттары дәрежесінен жоғары;	<p>2020-2021 оқу жылында білім беру процесін 16 оқытушы жүзеге асырады, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ғылым кандидаттары-7</li> <li>- PhD –</li> <li>- магистр-оқытушылар - 5</li> </ul> <p>Дәрежелілік 50 пайызды құрайды. 2020-2021 оқу жылында п.ғ.м. Ш.А.Стамкулова жұмысқа қабылданды. Ш.А.Стамкулова Орынбор мемлекеттік университетінде 2015-2018 ж.ж. аспирантурада (44.06.01.- Білім және педагогикалық ғылымдар) оқыған. (Қосымша №4) 2021 жылы кандидаттық диссертациясын қорғауы жоспарланып отыр. Сонымен қатар, 2021 жылы кафедраның докторантурасын бітіруші екі түлекті Ж.Изтлеуова мен Л.Сапартаеваны жұмысқа алу жоспарлануда.</p> <p>Жас ғалымдарды тарту арқылы дарын-менеджмент енгізу және зерттеуші-профессор лауазымын енгізу, әлеуетті жұмыс берушілер ішінен практик-мамандарды тарту өте маңызды. Осыған байланысты 2021-2022 оқу жылы кафедра филиалы "Алтын ұя" балабақшасынан 6В01202 -«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша сағаттық төлем ақы негізінде мамандар тарту жоспарлануда.</p>	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
2	- ПОҚ жеке жоспарларында оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі жеткіліксіз, оқытушылар жарияланымдарыны	Кафедра оқытушыларының ғылыми жұмыстарының нәтижелері, теориялық ережелер және олар жасаған әдістемелік негіздер ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (БҒСБК) бекіткен басылымдар тізбесіндегі басылымдарда, ғылыми журналдар мен халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар еңбектерінің жинақтары беттерінде және орталық республикалық мерзімді басылымдарда жарияланды. Кафедра оқытушылары Scopus, ISI Web of Knowledge, Thomson Reuters базаларының журналдарына бірнеше мақалалар жариялауда. Атап айтар болсақ, 1.Sartayeva N.T., Kenesbayev	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

	ң дәйектілігі төмен;	<p>S.M., Zhailauova M.K Programme and summary of research work in ICT future elementary school teachers in the conditions of inclusive education// Revista Espacios. - №.25, 2017.- P.10-19 (Скопус базасындағы журнал)</p> <p>2.Sartayeva, N.T., Kenesbaev, S.M., Zhailauova, M.K., Nurzhanova, S.A., Stambekova, A.S. Possibilities of the subject 'information and communication' technologies in accustoming primary school students to research activities -International Journal of Interactive Mobile Technologies - 12 (6) 2018.- Kassel University Press GmbH \ Germany(Скопус базасындағы журнал)</p> <p>3.Omarova G., Zhumabayeva A ., Uaisova G., Saduakas G., Akzholova A ., Zhailauova M. Formation of skills to work with sources in primary school students. –Revista Espacios-vol.39, 2018. - P. 31-39(Скопус базасындағы журнал)</p> <p>4.Mynbayeva A.P., Sartayeva N.T., Kenesbayev S.M., Zhailauova M.K.Building Motivation for Research in Elementary School Students//Opsion, Ano 35, Espesial No.20 (2019): P. 1216-1232(Скопус базасындағы журнал) (Қосымша №5)</p>				
3	- ПОҚ-ның орыс және ағылшын тілдерін меңгеруінің жеткіліксіз деңгейі ББ тиімді іске асыру мүмкіндігін төмендетеді;	<p>Бүгінгі күннің инновацияларына бейімделуге және уақтылы әрекет етуге қабілетті, жаңа заман талабына сай, шет тілін меңгерген маманды дайындау негізгі талаптың бірі болып табылады. Аталған талапқа сай 6B01303-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі білім бағдарламасы бойынша көптілді оқу тобы (ПМНО-19-1 п/я) ашылды. Көптілді оқу тобына сабақ беретін кафедра оқытушылары ағылшын және орыс тілінде арнайы (міндетті және таңдау) пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешендер әзірледі. Ағылшын тілінде оқу-әдістемелік материалдар қалыптастыру бойынша кешенді жұмыс жүргізілді. 2018-2019 оқу жылында Қорқыт Ата атындағы ҚУ Шахмардан Есенов қорымен бірлесіп оқытушыларға және білім алушыларға ағылшын тілін оқыту</p>	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		

		курсын ұйымдастырды, оқу аяқталған соң үздік оқытушыларға және білім алушыларға IELTS тестін тапсыруға мүмкіндік берілді. Курста Ұлыбританияның Bonas MacFarlane Education тіл орталығынан оқытушылар келіп, сабақ берді. Курсқа қатысқан кафедра қауымдастырылған профессоры м.а., п.ғ.к. Абилхаирова Ж.А. нәтижесінде IELTS тестін тапсырды. Білім алушыларды тілдік даярлау белсенді жүргізілді, профессор оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру жүзеге асырылды. Кафедраның бірқатар оқытушылары (Ерназарова Г.Ш., Мамедалиева Б.А., Байболова Д., т.б.) Coursera (Курсера) онлайн-ресурсының сертификатына ие болды. (Қосымша №6)				
4	- кафедра ПОҚ-ның ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына нашар қатысуы;	ҚР БҒМ-ң шетелдік ғалымдарды дәрістер оқып, университеттің оқытушылары мен білім алушыларына консультациялар өткізу үшін шақыру туралы бағдарламасы бойынша Ресейден Орынбор мемлекеттік университеті Н.А.Каргаполцева, Болгариядан Д.Д.Димова жетекші ғалымдар шақырылды. Академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру бойынша 2019 жылы кафедра қауымдастырылған профессоры м.а., п.ғ.к. Ж.А.Абилхаирова Түркия Республикасының Сакария университетінде Мевлана академиялық кадрларды даярлауда тәжірибе алмасу бағдарламасына қатысып, аталмыш университеттің студенттеріне дәріс оқыды. (Қосымша №7)	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару бөлімі		
5	- ББ шеңберінде қонақтық дәрістер оқу, студенттермен оқудан тыс жұмыс істеу үшін әлеуметтік саланың жетекші	- пәнаралық білім беру бағдарламаларын, бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу арқылы Қыздар ұлттық педагогикалық университетімен әріптестік байланыс жасау мақсатында екі жақты келісім шарт жасалды. Қыздар ұлттық педагогикалық университетінің «Мектепке дейінгі және бастауыш білім» кафедрасымен «Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагог –психолог» БББ бірлесе дайындалуда.	әрдайым	Кафедра меңгерушісі, білім беру бағдарламаларын басқару		



	<p>ұйымдарының мамандары сирек шақырылады.</p>	<p>- ОПК мен білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын белсендіру мақсатын Қыздар ұлттық педагогикалық университеті «Мектепке дейінгі және бастауыш білім» кафедрасының екі ұстазы Жубандыкова Ақгүл Мурзалиевна Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің мектепке дейінгі және бастауыш білім беру кафедрасының 012-мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогикасы "мектепке дейінгі педагогика" бағыты бойынша профессор м.а. п. ғ. к., п.ғ. к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің доценті, профессор Р. А. Набуова-013 "Бастауыш мектептегі критериалды бағалау" пәндік мамандануымен мұғалімдерді даярлау бағыты бойынша» 2021ж кафедра студенттеріне екі апталық дәріс беруге жоспарланып отыр</p>		бөлімі		
<b>Стандарт 6.</b>						
1	<p><b>Ескертулер:</b> - студенттер үшін ББ-да заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданатын сабақтарға жағдай қарастырылмаған, қолда бар компьютерлік жабдықтар негізінен моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген;</p>	<p>6B01202 (5B010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының білім алушылары университеттің №7 оқу ғимаратының екінші қабатында білім алады. Мамандыққа қатысты 12 дәрісхана бар. 218- Математиканы оқыту әдістемесі дәрісханасы , 211-Жаратылыстану негіздері зертханасы соңғы үлгідегі жаңа ақпараттық коммуникативтік технологиямен (интерактивті тақта , видеопроектор, компьютер) жабдықталған және лимитсіз трафик бойынша бөлінген арна арқылы жылдамдығы 2 Мбит/сек ғаламдық Интернет желісіне қосылған.</p>				


2	<p>- модульдер деңгейлері мен жеке пәндер деңгейіндегі білім беру нәтижелері сипатталмаған;</p>	<p>2019 жылы 6B01202 (5B010100) Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу білім бағдарламасы ҚР ББ тізіліміне енгізілді. Онда модульдер мен жеке пәндер деңгейіндегі білім беру нәтижелері қайта қаралды және сипатталды.</p> <p>ББ әзірлеуде бітіруші бөлім кафедра, академиялық кеңес, жұмыс берушілер және студенттер қатысты. Жұмыс берушілер ретінде Қызылорда қаласындағы «Алтын ұя» мемлекеттік бөбекжай балабақшасының меңгерушісі З.Е.Ерназарова қатысты.</p>				
3	<p>- ББ міндетті пәндер бойынша мемлекеттік тілдегі әдебиеттермен қамтамасыз етілген, бірақ элективті пәндер бойынша әдебиеттердің жетіспеушілігі бар</p>	<p>6B01202 (5B010100)-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы бойынша оқу, ғылыми және оқу-әдістемелік әдебиеттерді жаңарту қолға алынып, БББ бойынша оқылатын міндетті пәндермен қатар элективті пәндер соңғы 5 жылдың көлемінде шыққан әдебиеттермен толықтырылып, академиялық оқу жылының соңына дейін бақылауға алынып, жүйелі түрде жүргізілетін болды.</p> <p>«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында кітапхана қоры әлемдік деңгейдегі жаңа оқулықтармен толықтырылды. Мысалы: Шунк Дейл Х. Оқыту теориясы: Білім беру көкжиегі. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019 жыл. - 608 бет.</p> <p>Кітапхананы пайдаланушыларға жергілікті электронды ресурстарға, - Республикалық жооаралық электронды кітапхананың РЖЭК <a href="http://rmebrk.kz/">http://rmebrk.kz/</a>, (ҚазҰӘК)<a href="http://kazneb.kz/">http://kazneb.kz/</a> электронды-кітапхана жүйелеріне, The Web of Knowledge (ClarivateAnalytics) <a href="https://clarivate.com/webofsciencegroup/solutions/web-of-science/">https://clarivate.com/webofsciencegroup/solutions/web-of-science/</a> ғылыми-техникалық ақпараттардың әлемдік ресурстарын, Elsevier компаниясының <a href="https://www.elsevier.com/solutions/scopus">https://www.elsevier.com/solutions/scopus</a> Sci Verse Science Direct ақпараттық базасын пайдалануға, «ПОЛПРЕД Информации»</p>				


		қорының <a href="https://polpred.com/">https://polpred.com/</a> ресурстарын және ғылыми электронды кітапхананың <a href="https://elibrary.ru/defaultx.asp">https://elibrary.ru/defaultx.asp</a> ресурстарын тегін пайдалануға қол жеткізуге мүмкіндік бар және «Лань» ЭКЖ-не <a href="https://e.lanbook.com/">https://e.lanbook.com/</a> жазылған.				
4	студенттер мен оқытушылар құрамы үшін ақпараттық қолдаудың электрондық жүйесі студенттердің шетелдік мәліметтер базасына кіруін шектейді және студенттерге оқу-әдістемелік материалдармен толық қамтамасыз етпейді;	6B01202 (5B010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша білім алушылар мен кафедра оқытушылары 2 млн.баспа бірлігі бар университеттің кітапханалық қорын, электрондық ресурстарын пайдаланады, олар отандық және шетелдік баспалардың ақпараттық ресурстарына қолжетімділікпен қамтамасыз етілген. Кафедра оқытушылары электронды толықмәтінді мәліметтер қорының ресурстарын кеңінен қолданады: ағылшын тілді - "Эльзевир", "Springer", "Thomson Reuters" және т. б., орыс тілді – "Лань", "Полпредком" және т. б.Кафедраның білім алушылары мен ПОҚ қызметтеріне Ресми сайт: <a href="http://www.korkyt.kz">www.korkyt.kz</a> , ол ыңғайлы навигация жүйесімен жабдықталып жүйелі жолға қойылды. Электрондық кітапхананы одан әрі дамыту үшін «MegaPro» автоматтандырылған интеграцияланған кітапхана жүйесі сатып алынды, оның көмегімен біз сапалы, ыңғайлы жүйеде жұмыс жасай аламыз.				
5	университетте денсаулығында ерекше проблемалары бар студенттерді оқыту үшін тиісті жағдайлар жасалмаған.	Мектепке дейінгі инклюзивті оқытуды ерекше білімді қажет ететін студентті жоғары білім беретін мекеме жағдайындағы білім беру арқылы өмірге бейімдеу өте маңызды. Сапалы білім беруге қол жеткізу мақсатымен студентті жоғары білім беруде оқу бағдарламалары мен жоспарларын, оқыту түрлері мен әдістерін, қалыптасқан ресурстарды пайдалану, қоғаммен байланысқа түсуі,ерекше білімді қажет ететін балаларға білім беруде жеке білім беру қажеттіліктері мен түрлі оқыту тәсілдерін қолдану барысында баланы қоғамқа қажеттілігін сезіндіру мақсатында жоғарыдағы аталған кемшіліктер түзеліп ,мүмкіндігі шектеулі студенттерге білім алу барысында корпусқа кіру үшін кіру есіктеріне қоңыраушалар орнатылылып,арнаулы қол арбаға кіру мүмкіндіктері жасалды. 2020 жылдың қараша айында «Педагогика және оқыту әдістемесі» кафедрасының оқытушылары Қойшыбаев М.Н., Керейбаева А.У., Байболова Д.Т. «Модели инклюзивного				

		образования в зарубежных странах» атты 72 сағат көлеміндегі шеберлік курсына қатысып, тәжірибе жинақтады. (Қосымша №8)				
<b>Стандарт 7.</b>						
	<p>-Ұсыным ретінде паблик-релейшн (жұртшылықпен байланыс) тұжырымдамасын әзірлеу, ББ студенттері мен түлектерінің оқу және ғылыми жетістіктерін БАҚ-та насихаттау, әлеуметтік әріптестермен байланысты жолға қою қажет; – 5B010100 - "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" мамандығы бойынша магистратура мен докторантураға оқуға тарту мақсатында мамандығы бойынша түлектер мен білім алушыларды тарта отырып, өндірісте</p>	<p>6B01202 (5B010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасын іске асыру туралы мәліметтер ЖОО-ның білім беру порталында ұсынылады. "Педагогика және оқыту әдістемесі" кафедрасында 6B01202 (5B010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының ерекшеліктері, нәтижелері мен жетістіктері туралы ақпарат беретін стенд бар.Мамандық бойынша студенттерді даярлау процесінде пайдаланылатын бірыңғай ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі талаптарға сәйкес келеді. Сонымен қатар студенттер ғылыми бағдарламалар мен жетістіктер туралы толық ақпарат ала алады. Сайт ақпараты жүйелі түрде жаңартылып отырады, респонденттермен кері байланыс орнатылған.Сайттағы қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ақпарат шетелдік оқу орындарымен байланысты дамытуға мүмкіндік береді.Студенттерді жаңалықтармен және оқу үрдісімен уақтылы ақпараттандыру үшін электрондық пошта, Facebook, Whatsapp, ВКонтакте әлеуметтік желілері қолданылады.</p> <p>6B01202 (5B010100) Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу білім беру бағдарламасы , оқытудың күтілетін нәтижелері туралы ақпарат университеттің Web-серверінде орналастырылған(www.korkut.kz), БАҚ-та (газеттердегі мақалалар, телебағдарламалар) және үнемі қайта өңделетін жарнамалық буклеттерде мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланады, ол анық, дәл, объективті, өзекті және қолжетімді болып табылады.</p> <p>"Педагогика және оқыту әдістемесі"кафедрасында білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерді келесі нысандар арқылы жедел ақпараттандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Сайттағы жаңалықтарды жариялау www.korkut.kz;</li> <li>- республикалық, облыстық және қалалық БАҚ жарияланымдар ("Қызылорда мемлекеттік университетінің хабаршысы", "Сыр бойы", "Ақмешіт апталығы", "Қызылординские вести", "Егемен Қазақстан", "Казинформ", "Сыр түлегі"»);</li> </ul>				

	<p>ақпараттық компанияларды жүргізу ұсынылады.</p>	<p>-республикалық және өңірлік "Қазақстан", "Қазақстан-Қызылорда", "Қоғам ТВ" және т.б. телеарналардың ("Маржан сөз", "Ақиқат алаңы", "Ұлт саулығы", "Өмірдің өзі..."және т.б.).</p> <p>Университетте кафедраның автоматтандырылған жұмыс үстелі (АЖО) жұмыс істейді, онда оқытушылар мен жалпы кафедраның барлық деректері, практика нәтижелері және педагогтердің рейтингтері бар. Сондай-ақ, мектеп түлектеріне арналған кәсіптік бағдар беру жұмыстары бойынша деректер табуға болады . Практика бөлімі бойынша студенттердің практикадан өту орны туралы ақпарат алуға болады. "Рейтинг" блогында оқытушылардың барлық ғылыми еңбектері, олардың жобалары, жарияланымдары, оқудан тыс тәрбие қызметі туралы және әртүрлі іс-шараларға, телешоуларға, дөңгелек үстелдерге қатысу, олар өткізген тренингтер, кәсіптік бағдар беру жұмысы туралы ақпарат көрсетілген.</p> <p>Университетте e-univer.korkut.kz электронды портал жұмыс істейді  Университеттің электрондық порталында функциялар кіретін бөлімдер бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Ректор блогы-хаттар жіберу және жауап алу.</li> <li>2) бөлімше басшыларының блогтары - проректорларға хат жолдау және олардың жауабын алу.</li> <li>3) мемлекеттік қызметтер - әртүрлі анықтамалар алу, жатақханадан орын алу және т. б.</li> <li>4) "Деканат" АЖ ақпараттық жүйесі - кестелерді енгізу, білім алушыларға хабарламалар жіберу және басқа да ұйымдастыру жұмыстары.</li> <li>5) Электрондық құжат айналымы-университеттің Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімінде тіркелген құжаттармен жұмыс.</li> <li>6) "Кафедра" АЖ ақпараттық жүйесі-мамандықтың оқу жұмыс жоспарын енгізу, жеке жоспарды орындау, рейтингке қатысу үшін ПОҚ материалдары және т. б.</li> <li>7) "оқытушы" АЖ ақпараттық жүйесі - білім алушылардың үлгерімін енгізу, контенттерді жүктеу және т. б.</li> <li>8) "Студент" АЖ ақпараттық жүйесі-чат-сабақтарға, форумдарға</li> </ol>				
--	--	---	--	--	--	--

	<p>қатысу, тест тапсыру және т. б.</p> <p>9) АЖ ақпараттық жүйесі 'Талапкер' - облыс мектептерінің түлектері туралы деректер</p> <p>10) "Электрондық кітапхана" АЖ ақпараттық жүйесі-университеттің ғылыми-техникалық кітапханасының базасынан әдебиеттерді іздеу.</p>				
--	--	--	--	--	--

Оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор:  А.Т. Жунисов

Педагогика және оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі м.а.:  Ж.А.Абилхаирова